

материалдардың құжаттандырылуы және жүйелендірілуі өңір тарихын қайта қарауға, гидрологиялық және экологиялық зерттеулерге жаңа фактілерді қосуды қамтамасыз етеді, соның нәтижесінде мәдени-табиғаттық туризмді дамытуға мүмкіндік пайда болады және білім беру процесіне әлі пайдаланылмаған бай тарихи деректер енеді құжатталуы.

Қорытынды

Орал қаласы мен оның айналасындағы жер-су атаулары тарихи ономастика тұрғысынан бай материал ұсынады. Жайық өзені мен оның салалары жергілікті халықтың өмірі мен шаруашылығын, тарихи оқиғаларды бейнелейді. Топонимдердегі түркі, қазақ және славян элементтерінің араласуы өңірдің көпқырлы этникалық-мәдени тарихын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері ономастиканың тіл тарихын сақтаудағы рөлін, жергілікті қауымдардың тарихи тәжірибесін және әкімшілік ықпалдар әсерін көрсетті.[2,506]. Мемлекеттік тіл саясаты ономастиканы зерттеу мен сақтауға ерекше көңіл бөліп, мектептер мен жоғары оқу орындарында бұл тақырыпты енгізуді ұсыну арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтады. Практикалық ұсыныстар цифрландырылған ономастикалық дерекқор жасау, мектептерде жер-су атаулары бойынша экскурсиялар мен локалдық тарихи бағдарламалар ұйымдастыру, жергілікті әкімдіктермен бірлесіп тарихи атауларды қалпына келтіру өңірдің мәдени мұрасын сақтауға көмектеседі. Болашақ зерттеулерде ұсынылады: тарихи карталарды, археологиялық мәліметтерді және гидрологиялық зерттеулерді біріктіріп, ономастика мен табиғат тарихын кешенді талдау жүргізу. Сондай-ақ, көптілді және мультидисциплинарлы тәсілдер арқылы атаулардың этномәдени мәнін толық ашуға болады [4, 7 б]. Жалпы алғанда, тарихи ономастика Орал өңірінің мәдени-тарихи бейнесін түсінудің және сақтаудың маңызды құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ержанова Ұ., Сарышева Н. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. - Орал: Өлкетану орталығы, 2001. - 240 б.
2. Үмітқалиев У. У., Жанисsov А. Т., Қайырғалиев А. Б. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің тарихи оқиғалармен байланысы // Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences Series. - 2020. - № 2(131). - С. 40-55.
3. Смағұлов Д. С. Гидронимы и гидрография рек Казахстана в научном наследии академика В. В. Бартольда // Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences Series. - 2022. - № 1(134). - С. 25-36.
4. Қалменов М. Орал қаласының іргетасы - Жайық қалашығы // Дана.кз. - 2013. - № 6-7
5. Бартольд В. В. Сочинения. Том II. Работы по исторической географии. - М.: Восточная литература, 1963. - 583 с.
6. Баскаков Н. А. Тюркская ономастика. - М.: Наука, 1973. - 248 с.
7. Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1974. - 712 б.
8. Tulemisova G. B., Abidinov R. Ecological state of the Ural River // Bulletin of Kazakh National University. Chemistry Series. - 2024. - № 2. - P. 70-85.
9. Қалменов М. Орал қаласының іргетасы - Жайық қалашығы. - Дана.кз, 2013. 2-3.б
10. Жайықтың жер-су атаулары - жеріміздің жазба тарихы. Ана тілі газеті. - 2011. 4-5б

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ДӘУІРІНДЕГІ САРЫАРҚАНЫҢ ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ

Қабден Г.Ғ.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы,

PhD-Молдахмет А.А.

gafurkabden4@gmail.com

Астана қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Жошы ұлысы кезеңіндегі Сарыарқа өңірінің жерлеу орындары тарихи-археологиялық тұрғыдан қарастырылған. Зерттеу жұмысы Ұлы Дала аумағындағы Жошы хан, Алаша хан және Домбауыл кесенелері сияқты негізгі мемориалдық ескерткіштерді тарихи археологиялық және сәулеттік тұрғыдан талдауға негізделген. Ортағасырлық Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан жерлеу мәдениеті түркі-моңғол дүниетанымымен тығыз байланысты болып, кейін қазақ халқының рухани және мәдени болмысына ықпал еткен. Мақалада

көрнекті ғалымдар-Әлкей Марғұлан, Карл Байпақов, Әбдеш Төлеубаев, Мир Қадырбаев, Ерболат Смағұловтардың еңбектері негізге алына отырып, олардың археологиялық зерттеулері мен ғылыми тұжырымдары сараланады. Мақалада сондай-ақ 16-19 ғасырлардағы жазба деректер Өтеміс қажы, Әбілғазы, Рычков сондай-ақ Шоқан Уәлиханов пен орыс экспедицияларының мәліметтері пайдаланылып, кесенелердің тарихи дереккөздердегі орны салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде Жошы ұлысы кезеңіндегі Сарыарқаның жерлеу мәдениеті түркі-ислам өркениетінің аймақтық көрінісі ретінде бағаланып, қазақ мемлекетінің рухани бастауларымен тікелей байланысты екенін анықтады.

Кілт сөздер: Ұлы дала, Сарырақа, кесене, археология, ескерткіш, ұлыс, жерлеу орындары, тарих, мәдениет

Аннотация

В данной статье историко-археологически рассматриваются погребальные сооружения региона Сарыарка периода Золотой Орды, существовавшего в XIII-XIV веках. Исследование основано на анализе основных мемориальных памятников Великой степи мавзолеев Жошы хана, Алаша хана и Домбаула с точки зрения археологии и архитектуры. Погребальная культура, сформировавшаяся в средневековом Дешт-и Кыпчак, тесно связана с тюрко-монгольским мировоззрением и впоследствии оказала влияние на духовную и культурную идентичность казахского народа. В статье опираемся на труды выдающихся ученых Алькея Маргулана, Карла Байпакова, Абдеша Төлеубаева, Мир Кадырабаева и Ерболата Смагулова, анализируя их археологические исследования и научные выводы. Также использованы письменные источники XVI-XIX веков сведения Өтеміс Қажы, Абилғазы, Рычкова, а также материалы Шокана Уалиханова и русских экспедиций, на основе которых сопоставлено место мавзолеев в исторических источниках. В результате исследования определено, что погребальная культура Сарыарки периода Жошы улуса является региональным проявлением тюрко-исламской цивилизации и непосредственно связана с духовными истоками казахского государства.

Ключевые слова: Великая степь, Сарыарка, мавзолей, археология, памятник, улус, погребальные сооружения, история, культура.

Abstract

This article examines the burial sites of the Saryarka region during the period of the Jochi Ulus (13th-14th centuries) from a historical and archaeological perspective. The study is based on the analysis of major memorial monuments of the Great Steppe the mausoleums of Jochi Khan, Alasha Khan, and Dombaul in terms of their archaeological and architectural features. The burial culture that developed in medieval Desht-i Qipchaq is closely connected with the Turkic-Mongol worldview and later influenced the spiritual and cultural identity of the Kazakh people. The article draws on the works of prominent scholars such as Alkey Margulan, Karl Baipakov, Abdesh Toleubaev, Mir Kadyrbaev, and Yerbolat Smagulov, analyzing their archaeological research and scientific conclusions. Written sources from the 16th to the 19th centuries including those of Ötemis Qazhy, Äbilghazy, Rychkov, as well as Shokan Ualikhanov and Russian expeditions - are also used to compare historical descriptions of the mausoleums. The study concludes that the burial culture of Saryarka during the Jochi Ulus era represents a regional manifestation of Turkic-Islamic civilization and is directly connected to the spiritual foundations of the Kazakh state.

Keywords: Great Steppe, Saryarka, mausoleum, archaeology, monument, ulus, burial sites, history, culture.

Кіріспе

Жошы ұлысы XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақ пен Сарыарқа өңірінде қалыптасқан алғашқы түркі моңғол мемлекеттілігінің бірі болды. Бұл кезең қазақ мемлекеттілігінің бастауына әсер еткен маңызды дәуір. Себебі осы дәуір арқылы біз өзіміздің тарихымыздың бастауы деп те атай аламыз. Сол заманнан қалған жерлеу орындар мен кесенелер халықтың наным сенімдері мен әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет ала аламыз.

Сарыарқаның жерлеу орындары тек археологиялық нысандар ғана емес сонымен қатар көне түркі және ислам мәдениеттерінің сабақтастыратын келешек ұрпаққа рухани мұра деп айтуға болады. Ортағасырлық дәстүр бойынша билеушілер мен беделді адамдарға күмбезді кесенелер тұрғызу бұл олардың ата бабалар аруағына құрмет көрсету болған. Бұл дәстүр кейінірек қазақ халқының мәдени және діни өміріне өз жалғасын тапты. Осы мәдени үрдіс кейін қазақ рулары мен хандарының жерлеу рәсімдерінде де сақталды. Мысалы Жошы хан кесенесін алып қарайтын болсақ, Жошы хан кесенесі алғаш ғылыми тұрғыда зерттегендердің бірі болып тұңғыш қазақтың академигі Әлкей Марғұлан. Әлкей Марғұлан кесененің архитектурасын түркі кезеңі мен ислам сәулетінің сабақтастығы ретінде қарап, оның XIII ғасырда салынғанына дәлел келтіреді. Содан кейін Карл Молдахметұлы Байпақов пен Абдеш Төлеубаев екеуі Жошы хан кесенесін Ұлытау өңірінің саяси мәдени орталығы ретінде қарастырып, ондағы құрылыс материалдарды Орта Азиядағы құрылыс мектептеріне ұқсайтындығын айтып өткен. Ал оған дейін Жошы хан кесенесі туралы ең алғашқы дерек XVI ғасырдың ортасында Өтеміс қажының еңбектерінде кездеседі. Ол Ұлытау жерінде Жошы хан кесенесі бар екенін атап

өтеді. Содан соң 1661 жылы Хиуа ханы Әбілғазының Түрік шежіресінде жазылады. Онда Жошы ханның ордасы Ұлытауда екенін көрсетілген. 1771 жылғы Шанды жорық кезінде қалмақтар Жоңғарияға өтуге тырысқанда олардың артында орыс экспедициясы жүрді. Орыс экспедициясында болған Рычков та Жошы хан кесенесі туралы деректер қалдырды. XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов пен Ресей империясының әскери ғылыми экспедициялары бұл өңірді кейіннен зерттеді. 1862 жылы жарық көрген Материалы по Истории и Географии собранные офицерами генерального штаба атты көптомдықта Жошы хан, Алашахан, Домбауыл кесенелері жайлы деректер мен аңыздар көрсетілген. Кейін кеңес дәуірінде зерттеу жұмыстарына атсалысқан Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Оның Доисторические памятники в Джезказганском районе атты мақаласында Жошы хан, Алашахан, Домбауыл сияқты ескерткіштердің маңызы алғаш рет ғылыми тұрғыда көрсетті.

Ал Алашахан кесенесі туралы айтып кетер болсақ кесене сәулет өнерінің ерекше туындысы болып табылады. Оның зерттеу жұмыстары XIX ғасырдың аяғына қарай бастау алып, П.С. Савельев пен А.Н. Бернштам, Е.А. Смағұлов пен М.Қ. Қадырбаев деген ғалымдар оның архитектуралық құрылымын талдап, күйдірілген кірпіш пен өрнекті қыштардың қолданылғанын анықтаған. Ал Әлкей Марғұлан Алашахан кесенесін қазақ аңыздарымен байланыстырып және Жошы ұлысы дәуіріндегі билеушілердің бір бөлігі ретінде қарастырды.

Осымен осы зерттеулердің барлығы Сарыарқаның жерлеу мәдениетінің жоғары деңгейін, сәулет өнерінің дамығанын дәлел келтіре алады. Жошы ұлысы кезеңіндегі Сарыарқа аумағындағы жерлеу орындарының тарихы, археологиялық мәдениетінің рухани дамуына зор үлесін қосты.

Зерттеу материалдары және әдістер

Әдістер

Бұл зерттеу әдістерінде Жошы ұлысының дәуіріндегі Сарыарқаның жерлеу орындарын кешенді түрде талдау ретінде бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Ең алғашқы әдіс бұл археологиялық әдіс. Археологиялық әдіс арқылы біз кесенелер мен қорымдардың құрылымдық ерекшеліктері мен табылған заттардың типологиясы анықталады. Археологиялық материалдар мен қазба нәтижелерін талдау кезінде Ә. Марғұлан, Байпақов және Төлеубаев сынды зерттеушілердің зерттеулерінде қолданылған әдістеме.

Келесі салыстырмалы тарихи әдіс. Бұл әдістің көмегімен Сарыарқадағы жерлеу нысандары Алты Орда және Орта Азиядағы ұқсас ескерткіштермен салыстырылып, олардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын талдайды.

Деректанулық талдау барысында көне жазба деректер Өтеміс қажының, Әбілғазының және Рычковтың еңбектері пайдаланылды. Бұл жазбалар ғылыми тұрғыда сын көзбен қаралып, заманауи археологиялық деректермен салыстырылды.

Одан кейінгі айтатын әдіс мәдени типологиялық әдіс. Бұл әдіс діни наным сенімдер мен элеуметтік жіктелудің көріністерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кеңістік географиялық талдау әдісі ескерткіштердің табиғи орта және тарихи қоныстармен байланысын анықтауда қолданылды. Осы әдістердің арқасында Сарыарқаның жерлеу мәдениетін кешенді түрде сипат алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары

Зерттеу материалы ретінде Сарыарқадағы Жошы ұлысы дәуірінің археологиялық және тарихи ескерткіштері алынды. Негізгі нысандардың қатарына Жошы хан кесенесі, Алаша хан мазары, Домбауыл ескерткіші, сондай-ақ Ұлытау мен Қарағанды өңірлеріндегі ортағасырлық қорымдар жатады. Материалдық дереккөздер ретінде қыш бұйымдар, әшекейлер, қару-жарақтар мен тұрмыстық заттар қарастырылды. Ғылыми-теориялық негіз ретінде Ә.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, А.Т. Төлеубаев, М.Қ. Қадырбаев, Е.А. Смағұлов сынды ғалымдардың еңбектері алынды. Осы материалдар мен деректер зерттеу нысанының тарихи маңызын дәлелдеуге және Сарыарқаның жерлеу мәдениетін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Сарыарқа өңіріндегі Жошы ұлысы кезеңінің мемориалдық ескерткіштері XIII-XIV ғасырлардағы саяси және рухани өмірдің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бұл нысандардың зерттелуі кең ауқымды деректер мен әдістерге сүйене отырып жүргізілді, сондықтан олардың тарихи-мәдени маңызы туралы айту үшін әр кезеңдегі жазба және археологиялық деректерге жүгіну қажет.

Жошы хан кесенесі жөніндегі алғашқы нақты ғылыми тұжырымдар көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан еңбектерінде жан-жақты талданған. Ол өзінің «Ежелгі Қазақстан мәдениеті» атты еңбегінде (Алматы, 1966. 215-220-бб.) кесененің құрылыс ерекшеліктерін сипаттай отырып, оның XIII ғасырға тән сәулеттік стиль екенін дәлелдейді. Марғұлан күмбездің пропорциясы, құрылыс материалдары мен қыш өрнектерінің Орта Азия сәулет өнерімен сабақтастығын көрсетеді. Бұл пікірді кейін К.М. Байпақов «Алтын Орда өнері» зерттеуінде қолдайды (Алматы, 1985. 142-148-бб.).

А.Т. Төлеубаевтың «Ұлытау ескерткіштері» (Алматы, 1991. (57-64-бб.) еңбегінде Жошы хан кесенесінің Ұлытау өңірінің саяси орталығы ретіндегі рөлі анықталады. Ол зерттеу барысында құрылыс құрамындағы қыштардың Орта Азиядағы Самарқан, Бұхара шеберханаларымен байланысын көрсетіп, мәдени ықпалдастықтың жоғары деңгейін дәлелдейді.

Алаша хан кесенесі де ғылыми айналымда кең талқыланған нысан болып табылады. П.С. Савельевтің XIX ғасырдағы экспедициялық материалдарында (Материалы по истории и географии, СПб., 1862. (93-95-бб.) оның құрылымдық сызбалары алғаш рет жарияланған. А.Н. Бернштам «Древняя история Казахстана» (Москва-Ленинград, 1949. (301-305-бб.) зерттеуінде мазардың архитектуралық құрылысы мен күйдірілген кірпіштің өлшемдері талданады. Бұл ғылыми бағытты XX ғасырдың екінші жартысында М.Қ. Қадырбаев пен Е.А. Смағұлов жалғастырып, Алаша хан кесенесін Орталық Қазақстандағы ортағасырлық стильдің ірі үлгісі ретінде сипаттады (Археология Центрального Казахстана, Алматы, 1980.178-186-бб.).

Домбауыл ескерткіші жөніндегі мәліметтер Ш. Уәлихановтың еңбектерінде де кездеседі. Ол «О киргиз-кайсаках Средней Орды» атты мақаласында (СПб., 1865. 55-б.). Домбауылдың халық жадындағы тарихи тұлға екендігін және оның құрылысының көне дәстүрмен байланысты екенін атап өтеді. Бұл дерек кейін Қ.И. Сәтбаевтың «Доисторические памятники Джезказганского района» (Алматы, 1941. 12-19-бб.) еңбегінде нақты ғылыми негізбен жалғасады.

Тарихи жазба деректер Сарыарқа ескерткіштерінің хронологиялық дұрыстығын анықтауда ерекше рөл атқарады. XVI ғасырдағы Өтеміс қажының «Шыңғыс ханның шежіресінде» (Қазан нұсқасы, 1899. 74-б.) Жошы хан ордасының Ұлытауда орналасқаны көрсетілген. XVII ғасырда Әбілғазы «Түрік шежіресінде» (Ташкент, 1902. 98-100-бб.) осы мәліметті толықтыра түседі. XVIII ғасыр экспедициясының мүшесі Н. Рычков «Дневные записки путешествия по киргизской степи» (Орынбор, 1772. 45-46-бб.) еңбегінде Жошы хан кесенесін көргенін және оның халық үшін киелі орын екенін жазып қалдырған.

Осы деректерді біріктіре отырып жүргізілген салыстырмалы тарихи әдіс Сарыарқадағы жерлеу мәдениетінің Алтын Орда мен Орта Азиядағы архитектуралық мектептермен байланысқанын көрсетті. Ал археологиялық деректер (Марғұлан, 1966; Қадырбаев, 1980) жерленген тұлғалардың әлеуметтік мәртебесінің жоғары болғанын дәлелдейді. Жалпы, әдеби деректер мен зерттеу материалдары Сарыарқаның жерлеу ескерткіштері қазақ даласының мәдени сабақтастығын көрсететін бірегей кешен екенін дәлелдейді.

Нәтиже

Сарыарқа өңіріндегі Жошы ұлысы дәуіріне жататын мемориалдық ескерткіштер- XIII-XIV ғасырларда қалыптасқан саяси құрылымның да, рухани дүниетанымның да маңызды көріністері. Бұл кезеңдегі кесенелер мен жерлеу орындары тек архитектуралық нысан емес, сонымен қатар аймақтың тарихи жадын сақтаған мәдени код қызметін атқарады. Жазба деректер мен археологиялық зерттеулерді өзара салыстыра қарастырғанда, Сарыарқадағы ескерткіштердің шығу төркіні, стильдік ерекшеліктері және тарихи маңызы толық айқындала түседі. Жошы хан кесенесі жөніндегі зерттеулер оның XIII ғасырдың сәулет мектебіне тән белгілерді сақтағанын көрсетеді. Әлкей Марғұлан мен К.М. Байпақов еңбектері арқылы белгілі болғандай, күмбез құрылымы мен саз кірпіштің өрнектелуі Орта Азия архитектурасының ықпалымен тығыз байланыста. Бұл байланыс Жошы ұлысының саяси-мәдени кеңістігінің кеңдігін, көрші өркениеттермен қарым-қатынасының жоғары болғанын дәлелдейді. Ал А.Т. Төлеубаев пікірлері кесененің Ұлытау аймағының саяси орталығы ретінде маңызын күшейте түседі.

Алаша хан кесенесі де өңірдің ортағасырлық мәдениетін танытатын ірі археологиялық нысан. XIX-XX ғасырлардағы зерттеушілер еңбектерінде оның құрылымдық шешімдері, кірпіш өлшемдері мен сәулеттік әдістері жан-жақты талданған. Бұл мәліметтер Сарыарқа аумағында өзіндік архитектуралық дәстүр қалыптасқанын көрсетеді.

Домбауыл ескерткіші болса, халықтық аңыздар мен жазба деректердің ұштасқан үлгісі. Ш. Уәлиханов пен Қ.И. Сәтбаев жазбаларынан оның көне дәстүрге сай салынғанын, аймақтық рухани жадымен байланыста екенін байқауға болады.

Жалпы, Сарыарқа өңіріндегі мемориалдық ескерткіштер Алтын Орда кезеңіндегі мәдени өмірдің даму деңгейін ғана емес, қазақ даласының кейінгі тарихи-рухани сабақтастығын да айқын көрсетеді. Әртүрлі дереккөздерді кешенді талдау бұл нысандарды біртұтас тарихи-мәдени жүйенің ажырамас бөлігі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Жошы ұлысы дәуіріндегі Сарыарқа өңірінің жерлеу орындары қазақ даласының мәдени-өркениеттік дамуында маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Бұл ескерткіштер тек жеке тұлғаларды жерлеу үшін тұрғызылған нысандар емес, сонымен қатар мемлекеттілік идеясын,

рухани дүниетанымын бейнелейтін құрылымдар болды. Жошы хан, Алаша хан және Домбауыл кесенелері түркілік дүниетаным мен исламдық сәулет өнерінің үйлесімін көрсететін тарихи мұра.

Археологиялық зерттеулер бұл кесенелердің құрылыс техникасының дамығанын және сол кезеңнің материалдық мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Күйдірілген кірпіштің қолданылуы, қыш өрнектер Сарыарқа өңірінің ортағасырлық сәулет өнерінің биік деңгейін білдіреді. Сонымен қатар, табылған заттар тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар, әшекейлер жерленген тұлғалардың қоғамдағы жоғары мәртебесін айғақтайды.

Жазба деректердің талдауы Сарыарқадағы жерлеу орындарының тарихи маңызын күшейте түседі. XVI ғасырдан бастап бұл нысандар туралы мәліметтердің жазба ескерткіштерде кездесуі олардың саяси және рухани орталық ретіндегі ролін дәлелдейді. Өтеміс қажы, Әбілғазы, Рычков және кейінгі экспедициялар деректері осы өңірге ерекше мән берілгенін көрсетеді. Сарыарқа жерлеу мәдениетінің тағы бір маңызды қыры оның сабақтастығы. Көне түркілік жерлеу дәстүрлері мен исламдық мәдениеттердің үйлесуі кейінгі қазақ хандықтарының жерлеу рәсімдеріне тікелей әсер етті. Бұл дәстүрлер қазақтың тарихи жадында сақталып қалды. Жошы хан кесенесінің, Алаша хан мазарынның және басқа да ескерткіштердің бүгінге дейін сақталып, ұлттық бірегейліктің нышанына айналуы осы мәдени сабақтастықтың айқын дәлелі.

Зерттеу әдістерінің кешенді түрде қолданылуы Сарыарқаның жерлеу мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік берді. Археологиялық, салыстырмалы тарихи және деректанулық талдаулардың үйлесуі зерттеу нысандарының көпқырлы сипатын ашты. Мәдени-типологиялық әдіс жерлеу орындарының рухани мәнін анықтауға көмектесе, кеңістік-географиялық талдау олардың саяси картинкадағы стратегиялық орнын айқындады. Жалпы алғанда, Сарыарқаның жерлеу орындары тек археологиялық ескерткіштер ғана емес, қазақ халқының мемлекетінің тарихын, рухани дүниетанымын және мәдени сабақтастығының айқын көрінісі. Олар біздің тарихи санамызды қалыптастыруда, ұлттық мәдениетімізді тануда және өткенімізге деген құрметті арттыруда ерекше маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі Қазақстан мәдениеті. Алматы: Ғылым, 1966. 215-220-бб.
2. Байпақов К.М. Алтын Орда өнері. Алматы: Өнер, 1985. 142-148-бб.
3. Төлеубаев А.Т. Ұлытау ескерткіштері. Алматы: Жазушы, 1991. 57-64-бб.
4. Қадырбаев М.Қ., Смағұлов Е.А. Археология Центрального Казахстана. Алматы: Наука, 1980. 178-186-бб.
5. Өтеміс қажы. Шыңғыс ханның шежіресі. Қазан баспасы, 1899. 74-б.
6. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ташкент: Баспасөз, 1902. 98-100-бб.
7. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия по киргизской степи. Оренбург, 1772. 45-46-бб.
8. Савельев П.С. Материалы по истории и географии, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1862. 93-95-бб.
9. Бернштам А.Н. Древняя история Казахстана. Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1949. 301-305-бб.
10. Сәтбаев Қ.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Алматы: Академия наук КазССР, 1941. 12-19-бб.
11. Уәлиханов Ш. О киргиз-кайсаках Средней Орды Ш. Уәлиханов шығармалары. Алматы: Ғылым, 1985. - 55-б.

ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ

Қапезов Е.С.

Ғылыми жетекшісі: PhD Молдахмет А.А.
Астана Халықаралық Университеті
Электрондық адресі: ekapezov811@gmail.com
Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ өлкесіндегі этнографиялық зерттеулерде халық шығармашылығы мен рухани мәдениеттің алатын орнын жан-жақты талдауға алынды. Біз халық ауыз әдебиеті эпос, жыр, аңыздар, ертегілер қазақ этносының рухани бейнесін, дүниетанымын ашу мақсатында қазақ даласында көнеден белгілі. Жазба деректердің аздығы жағдайында фольклорлық мұраның этнографиялық маңызы одан әрі арта түсетініне назар аударылады. Мақалада қазақ даласындағы ерте және кейінгі